

## Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 29 мамырдағы № 7 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 1 маусымда № 7144 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 16 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылдық округі әкімінің 16.09.2022 № 16 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңының 10-1 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Хромтау аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2020 жылғы 16 сәуірдегі № 15-4/423 ұсынысы негізінде, Тасөткел ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мүйізді ірі қара малдары арасынан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты, Хромтау ауданының Тасөткел ауылдық округінің Тасөткел және Ақбұлақ ауылдары аумағында шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тасөткел ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді оны ресми жарияланғаннан кейін Хромтау ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*А. Сейтмағанбетов*

